

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтарының 2021-2022 оқу жылында атқарылған ағарту жұмыстары

16.09.2021ж.Тақырыбы: Қылмысқа жол жоқ!

Мақсаты: Қылмыстың адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары туралы түсіндіру. Ой-өрісін, ойлау қабілетін шығармашылыққа дамыту, қоғамға жат мінез-қылықтардан сақтандыру. Адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына тәрбиелеу.

Педагог-психолог О.Залова бүгінгі күннің мәселесі жасөспірімдер қылмыстарының шығуы және оның алдын алуы жайлы өз баяндамасымен қонақтарды, оқушыларды таныстырып шықты.

"Жасөспірімдер арасындағы қылмыс: бопсалау ,қорқытып алу" атты қысқаша видеоролик көрсетілді. Оқушылар осындай жағдайға тап болсаң, сенің әрекетің қандай болады? деген сұраққа жауап берді. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Мұғалімдер мен оқушыларға ситуациялық жағдаяттар беріліп, ұтымды жауаптар алынды. Кездесу соңында мектебіміздің полиция қызметкері сөз алып , жасөспірімдер қылмысына тоқталып өтті. Оқушылар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарына жауаптар алды.

Күні:16.09.2021ж.Тақырыбы: "Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу шаралары аясында психологтардың жұмысын күшейту"

№2Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде "Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Мектеп медбикесі тақырып бойынша баяндама оқыды, ұл мен қыздың жеке гигиенасына тоқталып, түсіндірмелік жұмыс жүргізді.

Педагог-психолог О. Залова "Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі тақырыбында баяндама оқыды. Мақсаты:"Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз" қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту, ата-аналар жиналысында талқыға салу.

Мектебіміздің ата-аналар комитетінің белсенді мүшесі Сейдалиева К. сөз сөйлеп өз ойларымен бөлісіп, қыз тәрбиесіне қатысты біраз мәселелерді қозғады. Жиналыс барысында "Ата-аналарға кеңес"атты жадынама тарқатылды.

Қорытынды: Ата-аналар жиналысы өз дәрежесінде өтті.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 18-22.09.2019ж. күндері 2-сынып оқушыларының мектепке қайта бейімделу мәселесі жөнінде мұғалімдерге кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Бағыты: психоконсультациялық жұмыс.

Кеңес беру жұмысына қатысқан мұғалімдер:

1. Парманова Қ.
2. Мамраймова А.
3. Бохаева Г.
4. Жунисова Д.
5. Темирова Н.
6. Абжаппарова А.

Қорытынды: кеңес беру мазмұны: 2-сынып мұғалімдеріне 7-8 жасар балалардың даму ерекшеліктері, физиологиялық-психологиялық даму ерекшеліктері, әсер ететін факторлар туралы түсіндірілді. Әр баланың дамуы әр түрлі болатындығы жөнінде, кейбір баланың дамуы өз уақытында, кейбір баланың дамуы кеш болатындығын, сынып жетекші тарапынан аса шыдамдылық пен төзімділік керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Әсіресе, мектепке келген оқушылардың өзге балалармен қарым-қатынасы бойынша мәселе туындап жататындығы туралы ескертіліп, ол мәселені қалай шешу туралы кеңестер берілді.

Күні: 05.11.2021ж. **Тақырыбы:** "Бар ізгілік-мұғалімде!" тренинг

Мақсаты: Мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын жетілдіру, жағымды көңіл-күй сыйлау, бойындағы стресті жеңуге көмектесу.

05.11.2021ж. күні №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтары Оразкүл Залова мен Жанат Мырзалиева мектеп мұғалімдерімен «Бар ізгілік – мұғалімде!» атты психологиялық тренинг өткізді. Күзгі каникулдық уақытта өткізілген тренингтің мақсаты – мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын жетілдіру, жағымды көңіл-күй сыйлау, бойындағы стресті жеңуге көмектесу. Тренинг барысында: «Бумба-Юмба» жаттығуы, «Мен - үйде» және «Мен - жұмыста» техникасы, «Ыстық картоп» жаттығуы, «Сенімді, сенімсіз, агрессивті мінез-құлық» техникасы, «Су асты патшалығы» әуенді терапиясы ұсынылды. Қорытынды кезеңінде «Майшам» жаттығуы ұсынылып, мұғалімдер өз ой-пікірлерімен бөлісті. Педагогтармен өткізілетін тренингтер өзара ұжым арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, жағымсыз ойлардан, әсерлерден, стрестен арлыуына көмегін тигізді. Психологиялық тренинг өз дәрежесінде өтті.

«Бар ізгілік – мұғалімде!» тақырыбындағы педагогтармен өткізілген психологиялық тренингтен көрініс.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 27.10.2021 жылғы №229-12/01-03/603 санды хатына сәйкес 2021 жылғы 20 қазан мен 20 қараша аралығындағы 20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала құқығы – адам құқығы» атты Республикалық айлығына байланысты мектептің педагог-психологтары Оразкүл Залова және Жанат Мырзалиева «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ!» тақырып аясында 3-4-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар, «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында 4-сынып оқушыларына баяндама оқылды, балаларға «татулық, бейбітшілік, мейірімділік, адамгершілік, қамқорлық туралы асыл қасиеттердің қаншалықты маңызды екендігі түсіндіріліп, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың – адам өміріне тек кері әсер ететіндігі, мұндай жағдайларға жол бермеу керектігі жөнінде баяндалды». Сондай-ақ, «Біз және қоршаған Әлем!» тақырыбында 4-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама алу іс-шарасының мақсаты: балалардың өзімен, өзгелермен және қоршаған ортамен байланысының қаншалықты деңгейде екендігін анықтау болды. Жоғарыда аталған іс-шараның барлығы дер кезінде, өз дейгейінде өтілді.

18.11.2021ж. №2 Ж.жабаев атындағы бастауыш мектебінде "Қатыгездік пен зорлық –зомбылықсыз балалық шақ!" тақырып аясында 3-4-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар, «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында 4-сынып оқушыларына баяндама оқылды, балаларға «татулық, бейбітшілік, мейірімділік, адамгершілік, қамқорлық туралы асыл қасиеттердің қаншалықты маңызды екендігі түсіндіріліп, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың – адам өміріне тек кері әсер ететіндігі, мұндай жағдайларға жол бермеу керектігі жөнінде баяндалды». Тақырыпқа сәйкес оқушыларға видеоролик көрсетілді, оқушылар өз ойларымен , алған әсерлерімен бөлісті.

«Бала құқығы – адам құқығы» атты жүргізілген іс-шарадан көріністер



"Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында жүргізілген іс-шарадан көріністер



Күні: 18-20.10.2021ж.

Қатысқандар: Мектеп мұғалімдері

Тақырыбы: "«Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтау» әдістемесі (Л.П.Калининский)

Мақсаты: Педагогтың коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтау.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мұғалімдер арасында "Коммуникативті қабілетін анықтау" сауалнамасы алынды. Сауалнама бойынша мектеп мұғалімдерінің коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің көрінуі жоғары деңгейде. Олар жаңа орындарға келгенде сасқалақтамайды, жолдастарды тез табады, өзінің таныстарының ортасын кеңейтуге тырысады, достарына және жақындарына көмектеседі. Қарым-қатынаста өз белсенділігін көрсетеді, қиын жағдайда өз белсенділігін көрсетеді, қиын жағдайларда шешім қабылдауға қабілетті.

Күні: 27.10.2021ж. **Қатысқандар:** Мектеп мұғалімдері

Тақырыбы: "«Жаңа формациядағы педагог!»"

Мақсаты: Жаңа формациядағы ұстаздың кәсіби мәдениеттілігін (кәсіби қасиетін, ғылыми білімін, моральдық-этикалық қасиетін, психологиялық даярлығын) насихаттау.

27.11.2021ж. күні (сенбі –шығармашылық күнді барынша тиімді пайдалану мақсатында) №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде айлық жоспарға сәйкес пән мұғалімдері арасында «Жаңа формациядағы педагог!» тренинг-сабағы өтілді. Іс-шараның мақсаты: жаңа формациядағы ұстаздың кәсіби мәдениеттілігін (кәсіби қасиетін, ғылыми білімін, моральдық-этикалық қасиетін, психологиялық даярлығын) насихаттау. «Барлық мүмкіндік балалардың бойында» деген ұлы ойшыл А.Толстойдың даналық сөзі бар, ал баланы дамытатын шығармашыл, талантты, білімді ұстаз, демекші бұл өтілген сабақтың мазмұны да – педагогтардың бойындағы барлық ізгі қасиеттерді аша білу болды. Психологтардың кіріспе сөзінен кейін, мұғалімдердің арасында жылы, сенімді қарым-қатынас орнату мақсатында «Аялы алақан!» жаттығуы өткізілді. Педагогтардың өзіне деген шынайы бағалауын анықтау мақсатында «Педагогтардың әдістемелік мәдениетін, өзіндік бағалауын зерттеу» әдістемесі алынды. Мұғалімдердің өздерін сергек сезінуіне, денедегі барлық қысымды түсіруге бағытталған

«Сарқырама» релаксациялық жаттығуы жүргізілді. Жалпы, тренинг-сабақ өз мақсатына жетіп, мұғалімдердің өздерін барынша сергек сезінуіне, күйбең тіршіліктен бір сәт болсын демалып, жан дүниесіне деген керемет азық болды деп ойлаймыз, ең негізгі сабақтың мақсатына сәйкес – «Жаңа формациядағы педагог» қандай болу керек деген сұраққа да барынша ой жүгіртіп, бойларын бір жаинақтағандай болды.

"Жаңа формациядағы педагог!" тренингінен көріністер



Күні: 10.12.2021ж. **Тақырыбы:** " Жасөспірім қылмысы" тренингі

Мақсаты: Оқушыларға қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары туралы түсіндіру, ой-өрісін, ойлау қабілетін шығармашылыққа дамыту, қоғамға жат мінез-қылықтардан сақтандыру, адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына тәрбиелеу.

Тренинг барысында ҚР Баланың құқықтары туралы заңына тоқталып өтіп, оқушыларға кеңінен түсіндірілді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстар туралы және неше жастан қылмыстық жазаға тартылатыны туралы айтып өтті. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып, ұтымды жауап ала білді. Оқушыларға ситуациялық сұрақтар берілді, рөлге еніп ойнап жауап берілді.

"Мен заңды қаншалықты жақсы білемін? жаттығуында оқушыларға бірнеше жағдайлар оқылды, бұл жағдайларда қылмысты тапсаңдар оң қолды көтереді, егер қылмыс емес деп тапса сол қолды көтереді. Әр жағдайға жеке тоқталып түсініктеме берілді.

Нәтижесінде: Оқушылар қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары туралы түсінді.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Түркістан облысы, Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 24.11.2021ж. (229-01/02-17/818 санды хатына сәйкес) «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқан аясында 08.12.2021ж. күні педагог-психологтар Оразкүл Залова мен Жанат Мырзалиева **«Отбасы жылуы!»** тақырыбында ата-аналар арасында тренинг-сабақ өткізді.

Іс-шараның мақсаты: зорлық-зомбылықтың бала тәрбиесіне тек кері әсерін тигізетінін, баланың болашағының жарқын болуы үшін тек қана жағымды ортада, сүйіспеншілікте, өзара түсіністік пен бақытты отбасында тәрбиелеу қажеттілігін ұғындыру, бала психологиясының нәзік тұстарын түсіндіру болды. Ата-аналарға «Отбасы жылуы!» тақырып аясында видеоролик көрсетіліп, өздерінің жеке ой-пікірлері, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстары тыңдалды. «Баланы танымас бұрын, өзінді таны!» мақсатында ата-аналарға да біршама психологиялық техникалар жүргізілді, яғни балаға үлгі болу мақсатында «баланы емес өзінді түзе, әрқашанда өз іс-әрекеттеріңе мұқият бол» секілді ұсыныстар айтылып, бірқатар бағыт-бағдарлар берілді. Ата-аналардың сабақтан алған әсерлері де тыңдалып, қорытынды кезеңі жүргізілді, тренинг-сабақ өз деңгейінде өтілді.

«Отбасы жылуы!» ата-аналармен жүргізілген тренингтен көріністер



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Түркістан облысы, Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 24.11.2021ж. (229-01/02-17/818 санды хатына сәйкес) «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқан аясында 25.11.2021ж. күні педагог-психологтар Оразкүл Залова мен Жанат Мырзалиева 3-4 сынып оқушылар арасында "Зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында тренинг жүргізілді.

Тренинг мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Тренингте оқушылармен бірқатар жаттығулар жүргізілді. Тақырыпқа қатысты видеоролик, слайд көрсетілді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстар туралы және неше жастан қылмыстық жазаға тартылатыны

туралы айтып өтті. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып, ұтымды жауап ала білді. Оқушыларға ситуациялық сұрақтар берілді, рөлге еніп ойнап жауап берілді.

Нәтижесінде: Тренинг өз деңгейінде өтілді.

"Зорлық-зомбылықтың алдын алу" тренингінен көріністер



20.12.2021ж. **Қатысқандар:** Мектеп ұстаздары

Тақырыбы: Психологиялық тренинг «Мен ғажайыппын».

Мақсаты: Педагогтардың эмоционалды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын ал, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Педагогтармен жүргізілген тренинг қызықты да әсерлі өтті. Мұғалімдер әр жаттығуда белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп қатысып отырды. "Кезекпен сурет", "Комплимент" жаттығулары қызықты өтті.

Нәтижесінде: Педагогтардың көңіл-күйлері көтеріліп, қарым-қатынасы нығая түсті.

21-23.12.2021ж. **Қатысқандар:** Мектеп ұстаздары

Тақырыбы: «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері» мұғалімдерге лекция.

Мақсаты: Мұғалімдерге дарынды балалар туралы толық түсініктеме беру, дарынды балаларда болатын ерекшеліктерімен таныстыру.

Дарын дегеніміз- адам бойында негізінен ана сүтімен, ата-тегімен даритын құбылыс, адамның белгілі бір дүниеге психологиялық қабілеттілігі. Осы қабілетті дер кезінде анықтап, оны одан әрі дамыта білу қажет. Мұғалімдерге дарынды балаларда кездесетін ерекшеліктер, кездесетін қиындықтар туралы лекцияда кеңінен айтылды.

10-12.01.2022 ж, күндері №2Ж.Жабаев бастауыш мектебінің 2-4 сынып үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен ағартушылық жұмыстар (психологиялық кеңес) жүргізілді.

Оқушылардың таным процестерінің баяу дамығанына байланысты оқудағы үлгерімдері төмен және де ата-ана тарапынан да қараусыз.

Түзету-дамыту бағытында бұл оқушыларға жоспар бойынша коррекциялық жұмыстар жүргізілуде, қосымша логикалық тапсырмалар беріліп, интеллектуалдық қабілеттерін дамытатын тапсырмалар жинақтары берілуде.

Нәтижесінде ата-аналарымен байланыс жасап, ұсыныс берілді: әрбір өткен материалдарын қайталапқызып, сабақ үлгерімін әрдайым қадағалап отыруын, балаға әрқашан мақтау, жылы сөздерін аямай, қолдап, шабыттандырып отыруын, сонда ғана балаңыздың бойында оқуға деген ынтасы, талпынысы арта түсетін айтып өтілді.

20.01.2022 ж. Тақырыбы: Тренинг «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы». Мақсаты: Психоэмоционалды күйін реттеу дағдысын қалыптастыру, педагогтардың эмоционалды күйінің алдын алу.

Педагогикалық қызмет айқын әр түрлі жағдайлар мен әр қилы факторларға толы, өзінің потенциалды мүмкіндіктеріне салмақ түсіретін, эмоционалды күйді елемеу жағын жоғарылатады. Мұндай жағдайлар тұлғаны жүйкесіне, психикалық қобалжуына, жүйке күйзелісіне, психосоматикалық ауруларға әкеліп соғады. Соған байланысты педагогтың психикалық денсаулығын сақтау, психологиялық қызметтің бір мақсаты болып табылады.

Қорытынды: мұғалімдердің көңіл-күйлері көтеріліп демалып қалды. Тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.

Күні: 03-04.02.2022 ж. **Қатысқандар:** мұғалімдер

Тақырыбы: Жаттығу «Менің әріптестерім»

Жаттығу: «Менің кәсіби рөлім».

Мақсаты: Педагогтар арасындағы қарым-қатынастың тиімді құралдарын дамыту. Педагогтың оқушылармен өзара әрекетте болуы, сыныппен қарым-қатынасы мен ішкі ұстанымының тиімді әдістерін қарастыру.

Мұғалімдер арасында жаттығулар жүргізу барысында "Ұстаз" атты видеоролик көрсетіліп, сол видеода болған ұстаз бен директор арасындағы қарым-қатынас талқыланды. Мұғалімдер өз ойларын ортаға салды. "Менің кәсіби рөлім" жаттығуында мұғалімдерге белгілі коммуникативтік ұстанымы сипатталған рөлдер жазылған карточкалар тарқатылды: "Көмекші", "Ана", "Лидер", "Беделді адам", "Тәрбиеші", "Басқалардан ерекше" т.б..

Қорытынды: Әрбір мұғалімнің өзінің дербес ішкі ұстанымын іздеуі, педагогтың балаларға деген жағымды қарым-қатынасының көрінуі,

оқушыларға өзінің қайырымдылығы мен жылулығын тарата білуге ұмтылуын көрсете білді.

Күні: 20.11.2021ж. Тақырыбы: "Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг" **Мақсаты:** Ата-аналарға баланың мектепке бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері, бала тәрбиесіндегі отбасы қарым-қатынасының ролі, ата- ана ескеруге тиісті жағдайлар жөнінде түсінік беру арқылы ата-аналардың психологиялық біліктілігін арттыру.

Тренинг барысы ата-аналарға шаттық шеңберден басталды. Ата - аналар шеңберге тұрып өздерін таныстырып, жылы лебіздерін айтты. Таңертен баланы қалай сабаққа оятатының іс -әрекет арқылы көрсету болды. Барлық ата-аналар белсенді қатысып көңіл -күйлері көтерілді.

Педагог-психолог баланың болашағының жарқын болуы үшін тек қана жағымды ортада, сүйіспеншілікте, өзара түсіністік пен бақытты отбасында тәрбиелеу қажеттілігін ұғындырып, бала психологиясының нәзік тұстарын айтып өтті. Ата-аналарға «Отбасы жылуы!» тақырып аясында видеоролик көрсетіліп, өздерінің жеке ой-пікірлері, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстары тыңдалды. «Баланы танымас бұрын, өзінді таны!» мақсатында ата-аналарға да біршама психологиялық техникалар жүргізілді, яғни балаға үлгі болу мақсатында «баланы емес өзінді түзе, әрқашанда өз іс-әрекеттеріңе мұқият бол» секілді ұсыныстар айтылып, бірқатар бағыт-бағдарлар берілді.

Нәтижесі: Ата-аналардың сабақтан алған әсерлері де тыңдалып, қорытынды кезеңі жүргізілді, тренинг-сабақ өз деңгейінде өтілді.

"Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг"



Күні: 06.01.2022ж. Тақырыбы: "Баланы жан-жақты дамытудағы ата-ана мен мұғалімнің өзара ықпалдастығы" тренинг-сабағы.

Мақсаты: Баланың сапалы білім алуы мен саналы тәрбие алуы жолындағы мұғаліммен қатар ата-аналардың да белсендік танытуы, жауапкершілік танытуы керек екенін ұғындыру, түсіндіру, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Нәтижесі: "Баланы жан-жақты дамытудағы ата-ана мен мұғалімнің өзара ықпалдастығы!"-тақырыптағы жүргізген сабақтан ата-аналар мен мұғалімдер көптеген құнды дүниелерге қанық болды, баланың болашағы үшін бірге атсалысып жұмыс атқару керектігін түсінді. ата-аналар тренингтен алған өз әсерлерімен бөлісті, жақсы ниет-тілектерін, жылы лебіздерін білдірді.

"Баланы жан-жақты дамытудағы ата-ана мен мұғалімнің өзара ықпалдастығы" тренинг-сабағынан көріністер



Күні: 14.12.2022 ж. **Тақырыбы:** Шағын лекция: «Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары».

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы. Ата - аналардың қарым - қатынасын жақсарту. Мектеп пен ата-ана байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата - анамен оқушы арасындағы қарым - қатынасты нығайту.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы-ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үнілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Сондықтан қай ата-ана болсын баласының білімді, әдепті болуын армандайды.

Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Тәрбие берудің міндеттерінің бірі ең алдымен дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу екені көрсетілген.

Қорытынды: Отбасының негізгі міндеттерінің бірі-жас ұрпақты жылы сезімдерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу. Отбасы-шағын ұжым. Сондықтан қаншалықты шаршап шалдығып жүрсе де ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. «Баланың бас ұстазы-ата-анасы». Бала-әр отбасының бақыты. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік.

2020 ж. қаңтар, №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" туралы іс-шара жоспары бойынша 3-4 сыныптар арасында "Қиянат жасамау" тақырыбында тренинг жүргізілді.

Тренинг мақсаты: қиянат жасамаудың аспектілері, ерекшеліктері туралы түсінік бере отырып, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.

Тренинг барысында қиянат жасаудың себептері: сүйіспеншіліктің жетіспеуі, рухани-адамгершілік білімнің жетіспеуі, өзгеріске қарсылық ретінде қиянат, әлем туралы өзіндік түсігіне сәйкес келмеу;

Қиянат жасамау қағидаттары: өзіңе қатысты қиянат жасамау- бұл өз сезім мүшелеріне қиянат жасамау, өтірік айту, дәрекі сөйлеу т.б. туралы оқушыларға кеңінен айтылды.

Оқушыларға ситуациялық жағдаяттар берілді, оқушылар жағдаяттарды талқылап өз ойларын ортаға салды.

Қорытынды: Оқушылар ешкімге, ешнәрсеге қиянат жасамау керектігін, өз отбасын, Отанын, достарын жақсы көріп өмір сүру керектігін түсінді.

"Қиянат жасамау" тақырыбындағы тренингтен көрініс



18.02.2022 ж. Тақырыбы: Баяндама «Ата-ананың мектепте алатын орны».

Мақсаты: Мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Баяндамада сынып жетекшінің атқаратын міндеті, ата-ананың атқаратын міндеті, бірлесіп жасалатын жұмыс, күтілетін нәтиже туралы айтылған. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан кеңестер айтылып өтті.

Қорытынды: Сөз соңын ұлы ұстаз Макаренконың: "Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды деген", - парасатты сөздермен аяқталды.

Күні: 07.03.2022 ж.

Қатысқаны: 10 ата-ана, 10 оқушы.

Тренинг тақырыбы: «Махаббат, Сүйіспеншілік, Бақыттың бастауы – Ананың аялы алақанынан!»

Мақсаты: Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым – қатынасты жақсарту. Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу, балаға тәрбиелік ықпалын арттыру.

Тренинг әр оқушының өз ата-анасымен таныстыруымен басталды. Психологиялық ахуал орнату мақсатында шаттық шеңберге шығып, ата-аналар мен оқушылар шаңырақты бейнелеп "Киіз үй" жаттығуын бірлесе орындады. "Мен үшін қымбат", "Бала деген кім?" тақырыбында ой қозғап, жақсы сұхбат жүргізілді. Тренинг қызықты да әсерлі өтті. Нәтижесінде: Оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс нығая түсті.

Тренинг қойылған мақсатқа қол жеткізді. Отбасы тәрбиесінде ата-ананың көп көңіл бөлу керектігін түсінді.

«Махаббат, Сүйіспеншілік, Бақыттың бастауы – Ананың аялы алақанынан!» тақырыбындағы тренингтен көріністер



06-08.04.2022 ж. Тақырыбы: *"Денің сау болсын десең!"* Мақсаты: Салауатты өмір салтына дағдыландыру мақсатында түсіндірмелік жұмыстар жүргізу.

Күн сайын адамдар темекі шегу, ішімдікке салыну, нашақорлықтан түрлі дертке, бақытсыздыққа шалдығады. Зиянды әдеттер адамның өмір бойы өзін - өзі тұлға ретінде іске асыруына мүмкіндік берместен кедергі жасайды. Зиянды әдеттер арқылы адам өзінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, жақын адамдарына ауыртпалық түсіріп, қоршаған ортаға зиян келтіреді. Кейбіреулер қиындыққа кездескен жағдайда ойланып, ақылға салмастан зиянды заттарды пайдалануға әуес болады. Сөйтіп оған үйреніп, тәуелді болатындарын ойламайды. Осы зиянды заттарға тәуелді болудың салдары өздерін азапқа түсіретіндерінен бейхабар болады. Қиындықтан шығудың жолы, шешілмей қоймас.

Нәтижесінде: Оқушыларға зиянды әдеттерден денсаулыққа қауіптілігі кеңінен түсіндірілді. Жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтына дағдылану керектігін түсінді.

18.04.2022 ж. **Қатысқаны:** Ата-аналар. **Тақырыбы:** «Бала тұлғасын қалыптастырушы басты ұстазы - ата-анасы» баяндама.

Мақсаты: Мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы, тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Бала барлық үлгі-өнегені өзі шыққан отбасы мен ата-анасынан алады. Оның азаматтық келбеті, мінез-құлқы жанұядағы жандардың күшті ықпалымен қалыптасады. Аяғын апыл-тапыл басқан сәби алғашқы қылықтарын ата-анасынан, аға-апаларынан көрген, үйренген үлгі бойынша жасайды. Не көрсе соны үйренуге, не естісе, соны айтуға тырысады. Сондықтан да баланың алдында ата-ана үлкен жауапкершілік сезіну керек. Ата-аналардың балалармен қарым-қатынасы туралы атақты педагог В.А Сухомлинский былай дейді: «Біз өз балаларымыздың құлағына нені сіңіріп, нені үйреткенімізден гөрі, өзіміз кім, біз қандай ой-ниеттеміз, сезім-түйсіктеріміз, тілектеріміз не, өзіміз үшін нені жақсылық, нені жамандық деп түсінеміз-міне осылар арқылы балаларымызды көбірек тәрбиелейміз». Сіздер өз балаларыңызды өздеріңіздің әр қадамдарыңызбен, әр қылықтарыңызбен тәрбиелейсіздер; ол-ол ма, тіпті өзіңіз үйде жоқта да тәлім бересіз. Егер сенің балаларыңды жамандаса, демек сенің өзінді де жамандағаны.

Жанұядағы еңбек тәрбиесі- баланың мінез-құлқының қалыптасуына себепші болаты негізгі фактор. Жақсы ұйымдастырылған, қолдауын тапқан, нәтижелі еңбек, баланы қуантып, оның сенімін арттырады, адамгершілік сезімін дамытады. Жанұядағы еңбек тәрбиесі- баланың мінез-құлқының қалыптасуына себепші болатын негізгі фактор. Жақсы ұйымдастырылған, қолдауын тапқан, нәтижелі еңбек, баланы қуантып, оның сенімін арттырады, адамгершілік сезімін дамытады.